

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 6 наурыздағы № 36 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 8 қарашадағы № 169 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабының 2-тармағына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 3-тармағына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 2 қосымшаның 11-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 12 өкімімен бекітілген макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуді қоса алғанда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер экономикаларының орнықтылығын арттыру жөніндегі шаралар тізбесінің 2.7-тармағын ескере отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің (ТР ЕАЭО 045/2017) өтпелі ережелері туралы" 2018 жылғы 6 наурыздағы № 36 шешімінің 1-тармағының "а" тармақшасының бірінші абзацында, "б" тармақшасында және "в" тармақшасының бірінші абзацында "2023 жылғы 1 қаңтар" деген сөздер "2025 жылғы 1 қаңтар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

В. Назаренко